



**«АЙГӨЛЕК» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫНДА  
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДА  
ЖҮРГІЗІЛГЕН  
ЖҰМЫСТЫҢ ЕСЕБІ.**

1 қыркүйек күні, балаларға білім күні жайында түсінік беру, өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу, байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету мақсатында бөбекжайымызда салтанатты ашық шара өтті.



«Гүл» тобының тәрбиешілері 1 қазан қариялар күніне орай өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену. Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу мақсатында «Қарттарым алтын қазынам» атты ашық оқу іс-әрекеттерін өткізді. Балалар ата-әжелеріне арнаған тақпақтарын айтып, өлеңдерін шырқап, «Жеті атасын білмеген жетесіз» дегендей жеті аталарын жатқа айтып беріп, белсенділіктерін танытты.



«Шуак» тобының тәрбиешісі күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, күзгі ағаштарға назарларына аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Табиғатқа деген

сүйспеншіліктерін арттыру. Күзгі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу мақсатында «Күзгі ағаштарды бақылау» тақырыбында тобымен серуенте шықты.



Бөбекжай құрылтайшымыз Иштаев Ермек Амиржановичке тореалқа төрағасы Р.Балтаевтан «Құрмет грамотасын» алып, және бөбекжай директоры Иштаева Фарида Қуанышқалиевнаны Елордамыз Астана қаласында өткен «Қазақстанның үздіксіз білім беру қауымдастығының» 10 жыл толуына орай ҚҰББҚ басшысы Д.И.Куленова төсбелгісін тағып, куәлік және Алғыс хатпен марапаттады.

Сонымен қатар, «Ұстаздар күніне» орай Білім Министрі Ғани Бейсенбаев «Айгөлек» және «Айгөлек+» бөбекжайларымызға Алғыс хаттарын жолдады.



Бөбекжай әдіскері «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасына жаңа бағыт» тақырыбында өткен облыстық семинарға қатысты.



«Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында ұстаздар күніне арнаған мерекелік ән-шашу.



«Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты мерекелік ертеңгілік өткізді.





«Гүл» тобының тәрбиешілері «КҮЗ ХАНЗАДАСЫ МЕН ХАНШАЙЫМЫ» атты тақырыбында мерекелік ертеңгілікті сайыс түрінде оздырды.







«Ай» тобының тәрбиешісі "Қош келдің Алтын күз" атты ертенгілігінде.....




«Гүл» тобының тәрбиешілері «Менің үйім» тақырыбында, балаларды пішіндермен (үшбұрыш, төртбұрыш) таныстыру, геометриялық пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш) үй құрастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды қамқор және жанашыр болуға тәрбиелеу мақсатында оқу ісі әрекетін өткізді. Тәрбиешілер алдын ала орындалатын жұмыс жүргізіп, үйдің қабырғалары, үйдің төбесі, үйдің терезесі болатыны туралы айтты.



«Гүл» тобының тәрбиешісі тобына «Күзгі жапырақтар» тақырыбында Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы бейнелеу арқылы балалардың білімдерін кеңейту. Балаларды дәстүрден тыс әдістер арқылы жұмыс жасай отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Күзгі табиғаттың әсемдігін сезіне білуге және оны қорғауға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған оқу әрекетін өткізді.



07.11 күні, сағат 14.00 де, «Bilim Kids» - цифрландырылған платформасы бойынша Zoom конференциясына бөбекжай ұжымы қатысты.



«Проведение дополнительной массовой иммунизации против кори, краснухи и паротита подлежащим контингентам» тақырыбында ZOOM платформасында өткен әдістемелік ұсынысқа ұжым қатысты.

«Гүл» тобының тәрбиешісі №42 «Ақ ниет» балабақшасында өткен «Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыстану және құжаттарды жүргізу тәртібі» тақырыбында өткен семинарға қатысып келді.



«Айгөлек» жеке бөбекжайы Қызылорда қаласында өткен «Эдельвейс», «Orda.kz» баспа үйлерінің демеушілігімен «Қазақстанның үздік балабақшалары» атты кітабының арнайы табыстау презентациясының қадірлі қонақтары болып, салтанатты кеште қызыл кілеммен жүріп өтіп, бөбекжай директоры Ф.К.Ишпаева жіне әдіскер, тәрбиешілері «Айгөлек+» бөбекжайымыздың тәрбиешісі «Алғыс хаттарымен» марапатталды.



24 қараша күні, тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту, ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу, бір-біріне жылы лебіздерін білдіру мақсатында «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.



«Әкем –асқар тауым» сырттай байқауына «Гүл» тобының тәрбиеленушісі Кенжеғали Сырғалым және «Шуақ» тобының тәрбиеленушісі Ержанова Ясина жүлделі ІІІ орындарға ие болды. Жетекшілері «Гүл» және «Шуақ» тобының тәрбиешілері.....



№50 «Заңғар» бөбекжайында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмысының ұйымдастырылуы» атты тақырыбында жеке мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған семинар-практикумына «Гүл» тобының тәрбиешісі қатысып келді.



«Гүл» тобының тәрбиешісі №40 «Болашақ» балабақшасында өткен «Мектепке дейінгі ұйымда нәтижеге бағытталған тәрбие мен оқытудың ынтамақтастықта ұйымдастыру» тақырыбындағы семинарға қатысып, кейін тәрбиешілерге бағдарлама бойынша көргенін айтып, бөлісті.

«Шуақ» тобының тәрбиешісі Атамекенде өткен балабақша басшыларының жиналысына қатысып келді.

На повестке дня: 1. Развитие услуг частных детских дошкольных организаций. - зам. председателя Комитета- Лаврентьев Б.Г. 2. Актуальные проблемы частных дошкольных организаций нашего региона. - руководитель подкомитета частных дошкольных организаций Пайдина Б.Ш.



«Шуак» тобының тәрбиеленушісі Кунеева Улана II Республикалык «Алтын қазына» өнер байқауына 3-4 жас аралығындағы, «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша «Тәуелсіздік ел ұраны» атты әнімен байқауға қатысып, жүлделі I ші Дәрежелі Лауреат Дипломымен кішкентай өнерпазымызға статуетка табыс етілді, сонымен қатар жетекшісіне және «Айгөлек» бөбекжайының ұжымына Алғыс хаттар берілді.



№13 «Золотой ключик» бөбекжайында «озат тәжірибе – ортақ іс» қалалық семинарына «Шуак» тобының тәрбиешісі және «Ай» тобының тәрбиешісі қатысып келді.





№3 емхананың Лор дәрігерлері келіп, балалардың құлақтарын аппаратпен тексерді.



«16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» атты оқу ісі әрекетін оздырды.





«Әлем-Нұр» жаңа бөбекжайымыз ашылып, балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязатаның, Ақшақардың, карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату мақсатында «Қош келдің Жаңа жыл» атты шыршасы өтті.







Бөбекжайларымыздың Нейро педагогі .....



«Қызылша» - дегеніміз не және ол несімен қауіпті. Балаларыңызға мұқият болуды сұраймыз! - деп аурудан сенімді қорғанудың бірден бір жолы Ұлттық егулер күнтізбесіне енгізілген қызылшаға қарсы вакцинация болып табылатынын бөбекжай медбикесі айтты.



«Ай» тобының тәрбиешісі тобына Балалардың қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қоянның тіршілігі туралы балаларға түсінік беру, камқорлық жасап, сәбіз беру мақсатында «Қоянға арналған сәбіз» атты ойынын ойнатты. Сонымен қатар балаларға қыста киетін қолғапты әшекейлеп боятты.



«Гүл» тобының тәрбиешісі тәжірибе жасау арқылы сабын көпіршіктері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат сырларын танып білуге баулу. Зерттеу әрекеттерін, құралдарды ұқыптылықпен ұстау дағдыларын қалыптастыру. Өз беттерімен және бірігіп жұмыс істеуге қарым — қатынастарын қалыптастыру мақсатында «Сабынды көпіршіктер» атты тәжірибе жасап көрсетті.



Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ - жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу, жан-жануарлардың дыбысын үйрету мақсатында «Не қандай дыбыс шығарады?» балаларға дидактикалық ойын ойнатты.



«Шуак» тобының тәрбиешісі балаларға өздеріне ыңғайлы әдемі жарасымды қағаз бетіндегі қолғаптарын қалаған түрлі түсті қиынды қағаздарымен әшекейлеп жапсыртты.



## **2024-2025 оқу жылына келесі мақсаттар мен міндеттер қойылды.**

- **Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің тілін дамытудың тиімді жолдары

- **Міндеттері:** Сабақта жаңа технология әдістерін қолдана отырып, баланың білімі мен біліктілігін дамыту

- Баланың жас ерекшелігіне сай интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін көтеруге;

- Қабілеті жоғары және төмен балалармен саралау жұмыстарын іс жүзіне асыру, білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастыру.

- дарынды, қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету;

- Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу.